

Бекітемін
«Орал Байтерек» бөбекжай-балабақша
меңгерушісі Ш.Бектибаева



Вариативтік компонент

Ересек «Күншуақ» тобы

«Зерттеу-ізвестіру ойындары»

***(Балалардың қызығушылығына
арналған оқу қызметі)***

Тәрбиешісі: Г.Игембаева

2021-2022жыл

Зерттеу – іздестіру ойындары

Балалардың қызығушылығына арналған оқу қызметіне тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты
1	Бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктерді ажырат.	Бөлмеде өсетін өсімдіктермен дәрілік өсімдіктерді бір – бірінен ажырата білу, қандай мақсатпен өсірілетінін анықтау.	1
2	Тұқымына қарай, ағашын тап.	Балалардың аңғарымпаздығын тани білу қабілетін дамыту.	1
3	«Жұмсақ және қатты» ойын	Балаларға заттардың жұмсақ немесе қатты екенін ажырата білуді үйрету.	1
4	«Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш» ойыны	Балаларды пішіндердің түсін, көлемін ажырата білуге тәрбиелеу.	1
5	«Аузымызға не түсті, тісімізге не тиді?»	Балалар аузына түскен заттың не екенін білуге, тауып айтуға үйрету.	1
6	«Жеңіл – ауыр»	Балаларға заттың ауыр жеңіл деген ұғымын түсіндіру. Ойнату арқылы көз жеткізу.	1
7	«Мынау қай пішін?»	Балалар геометриялық пішіндерді көздері байлаулы күйінде сипап анықтау арқылы ажырата жинау.	1
8	«Ойыншықтарды жасыр» ойыны	Құмның арасынан затты қолмен ұстап сезу арқылы табуға, құмның ылғал немесе құрғақ екенін ажырата білуге үйрету	1
9	«Мен пісірдім» ойыны	Балаларға құм ылғал кезінде түрлі пішіндер, заттар жасауға болатыны құрғақ кезде сусымалы болатынын түсіндіру.	1
10	«Қағазбен ойын»	Балаларға қағазды умаждап, қар жасауға болатынына көз жеткізу. Балалардың қол моторикасын дамыту.	1
11	«Жемістер мен көкөністер»	Балалар қолмен ұстап сезу арқылы көкөніс пен жемістерді ажырата білуге үйрету.	1
12	«Күнбағыстан май алу»	Күнбағыс – кішкентай күн сияқты әдемі, пайдалы өсімдік. Оның дәмі өте дәмді екенін дәнінен май шығаруға болатынына көз жеткізу, байқау, зерттеу.	1
13	«Күн – барлық тіршілік көзі»	Балалардың күн, су, ауаның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы, адамға пайдасы туралы білімдерін бекіту, тәжірибе арқылы бақылау.	1
14	«Ауа – суға батпайды»	Әр түрлі тәжірибе жасау арқылы ауаның суға батпайтынына көз жеткізу.	1
15	«Таза су»	Балаларға таза су, лас су туралы ұғым беру. Қайткенде судың түсі өзгереді деген сұраққа зерттеу арқылы жауап бер. Таза судың пайдасы, кір судың зияны туралы түсінік беру.	1
16	«Батады – батпайды»	Табиғи заттарға зерттеу жасап, олардың қасиетін ажырату.	1
17	«Судың түсі өзгереді»	Балаларға судың дәмін өзгертуге болатыны сияқты түсінде өзгертуге болатынын көрсету, көз жеткізу.	1
18	«Су қайда кетті?»	Балаларға судың қасиетті туралы түсінік беру. Зерттеу барысында қандай затқа су сіңеді, қандай затқа сіңбейтініне тәжірибе жасап көз жеткізу.	1
19	«Ауада көлем болмайды»	Балаларға ауа туралы ұғым беру. Ауаны көзбен көру мүмкін емес екенін, бірақ ол бар, қолмен ұстай	1

		алмаймыз, ауа белгілі бір ыдысқа толатынына көз жеткізу.	
20	«Судағы мұз»	Балаларға табиғи зат мұздың әр түрлі жағдайда, температурада тез және баяу еритініне көз жеткізу.	1
21	«Қар лақтыру ойыны»	Балаларға қарды таныстыру. Қарды қолмен ұстап, умаждап, біріктіріп дөңгелек пішін жасап, көруге болатынын, қарды нығыздауға болатынына көз жеткізу.	1
22	«Түрлі – түсті мұздар»	Балалар мен суды түрлі – түстерге бояп, қардың арасына көму, түрлі – түсті мұздар жасау, мұздардың да түсін өзгертуге болатынына, аязда су қататына көз жеткізу.	1
23	«Ауаға зерттеу жасау»	Балалардың су, ауа туралы білімдерін бекіту. Бақылау, талдау, қорытындылау тәжірибелері арқылы дағды мен іскерліктерін жетілдіру.	1
24	«Таза ауа»	Адамның тыныс алу үшін таза ауаның қажеттілігіне көз жеткізу. Адам оттегі бар ауаны жұтады, көмір қышқыл газы, жағымсыз иістер қажет еместігіне тәжірибе жасау арқылы көз жеткізу.	1
25	«Бұлтты бақылау»	Балаларды бақылау арқылы ойлауын дамыта отырып, ой қиялын байыту.	1
26	«Сусымалы заттарды өлшеу»	Балаларға сұйық және сусымалы заттар туралы түсінік беру және өлшей білуге үйрету.	1
27	«Құмның қасиетті»	Құмды бақылау арқылы құмның сусымалы зат екенін білу оның сүзгіден өтетіне тәжірибе арқылы көз жеткізу.	1
28	«Магниттердің қасиеттерін зерттеу»	Магнит пен оның қасиеттерін зерттеу кезінде, олар магниттің айналадағы басқа заттарға әсер ететінін түсіндіру.	1
29	«Бояуларды араластыру»	Балаларға судың көмегімен түстерді өзгертуге болатынын түсіндіру	1
30	«Мақтаның шитіне зерттеу жасау»	Балаларға мақтаны шиттетіп, одан шит алатынын, шиттен май алатына көз жеткізу. Балалардың қол қимылдарын жетілдіру.	1
31	«Жүзеді – батып кетеді»	Суда қалқып жүрген немесе батып кететін нәрселермен тәжірибе жасау.	1
32	«Еритіндер мен ерімейтіндер»	Кейбір заттар суда ериді, ал кейбірі ерімейді. Мұндай тәжірибелер арқылы балалар қандай заттардың еритіндігін, ерімейтіндігін аңғарады.	1
33	«Губка мен тәжірибе»	Бұл сабақта балаға судың да салмағы болатындығын түсіндіру. Сулы губка, құрғақ губкадан ауыр болатынына көз жеткізу.	1
34	«Сабынды көпіршіктер»	Бұл тәжірибе үйде жасауға өте қолайлы. Сабынды көпіршіктердің жасалу жолдарының үлгісін ата – аналарға түсіндіру.	1
35	«Май мен су»	Май мен суды араластыра отырып, балалар әр түрлі тығыздықтағы екі сұйықтың бір – біріне қалай әсер ететінін байқайды.	1
36	«Гербарий»	Әртүрлі жапырақтарды салыстыру және гербарий құрастыру, концептуалды білім базаларын көбейтеді.	1
Барлығы: 36			

